

"Құрылыс материалдарын, бұйымдары мен конструкцияларын (сертификатталатын өнімдерді қоспағанда) өндіруге (шығаруға) лицензиялар беру " мемлекеттік қызметтер көрсету регламентін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі Төрағасының 2010 жылғы 4 қарашадағы № 483, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2010 жылғы 5 қарашадағы № 872 және Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2010 жылғы 5 қарашадағы № 282-ө Бірлескен бұйрықтары. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2010 жылды 13 желтоқсанда № 6674 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 2019 жылғы 4 маусымдағы № 358 және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2019 жылғы 19 маусымдағы № ҚР ДСМ-95 бірлескен бұйрығымен.

Ескеरту. Күші жойылды – ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 04.06.2019 № 358 және ҚР Денсаулық сақтау министрінің 19.06.2019 № ҚР ДСМ-95 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

"Әкімшілік рәсімдер туралы" Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 27 қарашадағы Заңының 9-1-бабын іске асыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫЗ:**

1. Қоса беріліп отырған "Құрылыс материалдарын, бұйымдары мен конструкцияларын (сертификатталатын өнімдерді қоспағанда) өндіруге (шығаруға) лицензиялар беру" мемлекеттік қызметтер көрсету регламенті бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігінің Мемлекеттік сәulet-құрылыш бақылау, аттестаттау және аккредиттеу департаменті (F.P. Әбдірайымов):

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін оны ресми жариялауды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі төрағасының орынбасары Н.П. Тихонюкке, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Мемлекеттік санитарлық-эпидемияологиялық қадағалау комитетінің

төрағасы К.С. Оспановқа және Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау вице-министрі Е.М. Сәдуақасоваға жүктелсін.

4. Осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде тіркелген күннен бастап күшіне енеді.

5. Осы бұйрық алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Құрылыш және тұрғын
үй-коммуналдық шаруашылық
істері агенттігінің төрағасы
С. Нокин
Қазақстан Республикасы
Қоршаған ортаны қорғау
министрінің міндетін атқарушы
М. Тұрмамбетов

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сактау министрі
С. Қайырбекова _____

Қазақстан Республикасы
Құрылыш және тұрғын үй-
коммуналдық шаруашылық істері
агенттігі төрағасының
2010 жылғы 4 қарашадағы № 483
Қазақстан Республикасы
Денсаулық сактау министрінің
2010 жылғы 5 қарашадағы № 872
және Қазақстан Республикасы
Қоршаған ортаны қорғау министрі
міндетін атқарушының
2010 жылғы 5 қарашадағы № 282-ө
бірлескен бұйрығына
қосымша

"Құрылыш материалдарын, бұйымдары мен конструкцияларын (сертификатталатын өнімдерді қоспағанда) өндіруге (шығаруға) лицензиялар беру" мемлекеттік қызметтер көрсету регламенті

1. Жалпы ережелер

1. Осы "Құрылыш материалдарын, бұйымдары мен конструкцияларын (сертификатталатын өнімдерді қоспағанда) өндіруге (шығаруға) лицензиялар беру" мемлекеттік қызметтер көрсету регламенті (бұдан әрі - Регламент) "Әкімшілік рәсімдер туралы" Қазақстан Республикасы Занының 9-1-бабы 4-тармағына сәйкес өзірленді.

2. Құрылыш материалдарын, бұйымдары мен конструкцияларын (сертификатталатын өнімдерді қоспағанда) өндіруге (шығаруға) лицензиялар беру (бұдан әрі – мемлекеттік қызмет көрсету) – жеке немесе заңды тұлғаға (бұдан әрі

- тұтынушылар) құрылымдарын, бұйымдары мен конструкцияларын (сертификатталатын өнімдерді қоспағанда) өндіруге (шығаруға) құқығын беру рәсімі.

3. Мемлекеттік қызмет Халықта қызмет көрсету орталықтары (бұдан әрі - Орталық) және облыстар, Астана және Алматы қалалары әкімдіктерінің Мемлекеттік сәулет-құрылымдарына бақылау басқармалары (бұдан әрі – уәкілетті орган) арқылы көрсетіледі.

4. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нысаны: автоматтандырылмаған.

5. Мемлекеттік қызмет "Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 11 қантардағы Заңының 33-бабы, "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылымы және құрылым қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі Заңының 32-бабы және "Мемлекеттік қызметтер көрсету стандарттарын бекіту және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 20 шілдедегі № 745 қаулысына толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 7 қазандағы № 1036 қаулысының негізінде көрсетіледі.

6. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нәтижесі құрылымдарын, бұйымдары мен конструкцияларын (сертификатталатын өнімдерді қоспағанда) өндіруге (шығаруға) лицензиялар беру немесе қағаз жеткізгіштерде оны беруден дәлелді бас тарту болып табылады.

7. Мемлекеттік қызмет көрсету процесіне мынадай мүдделі органдар қатысады:

1) санитарлық-эпидемиологиялық қызметтің мемлекеттік органдары, қатысу дәрежесі – лицензияланатын жұмыс түрлеріне қорытынды беру;

2) қоршаған органдың қорғау саласындағы органдар, қатысу дәрежесі – лицензияланатын жұмыс түрлеріне қорытынды беру (бұдан әрі – мүдделі органдар).

2. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібіне қойылатын талаптар

8. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсетудің барысы туралы акпаратты Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 7 қазандағы № 1036 қаулысымен бекітілген "Құрылымдарын, бұйымдары мен конструкцияларын (сертификатталатын өнімдерді қоспағанда) өндіруге (шығаруға) лицензиялар беру" мемлекеттік қызметтер көрсету стандартының (бұдан әрі - Стандарт) 1 және 2-қосымшаларында мекенжайлары мен жұмыс кестелері көрсетілген Орталық және уәкілетті органнан алуға болады.

9. Мүдделі органдар бөлігіндегі әкімшілік рәсімдер:

Мұдделі органдарда уәкілетті органнан жолданған сұрау салулардың қарастырылуы, тұтынушының басшылық етілетін саладағы қойылатын талаптарға сәйкестігін немесе сәйкес еместігін айқындау жүргізіледі.

Сұрау салуларды қарау нәтижелері уәкілетті органға қорытынды түрінде жолданады.

10. Мемлекеттік қызмет көрсетеу кезіндегі уақыт бойынша шектеулі мерзімдері.

Тұтынушы өтініш берген сәттен бастап (құжаттарды қабылдау күні және беру күні мемлекеттік қызмет көрсетеу мерзіміне кірмейді) мемлекеттік қызмет көрсетеу мерзімдері:

1) шағын кәсіпкерлік субъектілері үшін – он жұмыс күні;

2) орта және ірі кәсіпкерлік субъектілері үшін – отыз жұмыс күні;

3) құжаттарды тапсыру кезінде кезек күтудің ең көп рұқсат берілген уақыты – 30 минуттан аспайды;

4) құжаттарды алу кезінде кезек күтудің ең көп рұқсат берілген уақыты – 30 минуттан аспайды;

5) шағын кәсіпкерлік субъекті үшін мұдделі органдардың қорытындылары уәкілетті органға 7 жұмыс күні ішінде ұсынылады;

6) ірі және орта кәсіпкерлік субъектілері үшін мұдделі органдардың қорытындылары уәкілетті органға 25 жұмыс күні ішінде ұсынылады.

11. Мемлекеттік қызмет көрсетуді ұсынудан бас тартудың негіздемесі:

1) осы Регламенттің 15-тармағында көрсетілген мәліметтер мен құжаттарды ұсынбау. Өтініш беруші аталған кедергілерді жойған кезде өтініш жалпы негізде қаралады;

2) құрылым материалдарын, бұйымдары мен конструкцияларын (сертификатталатын өнімдерді қоспағанда) өндірумен (шығаруға)

айналысу құқығы үшін лицензиялық алымның енгізілмеуі;

3) өтініш берушінің біліктілік талаптарға сәйкес келмеуі;

4) өтініш берушіге осы қызмет түрімен айналысуға тыйым салатын заңды қүшіне енген сот үкімінің болуы табылады.

12. Тұтынушыдан мемлекеттік қызмет көрсетуді алу үшін өтініш алған сәттен бастап мемлекеттік қызмет көрсетеу нәтижесін берген сәтке дейінгі мемлекеттік қызмет көрсетеу кезендері:

1) тұтынушы Орталыққа лицензиялау туралы өтініш береді;

2) Орталық өтінішті тіркейді және уәкілетті органға жібереді;

3) уәкілетті орган Орталықтан немесе өтінішті тікелей берген кезде тұтынушылардан түскен өтініштерді қарауды жүзеге асырады, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 29 желтоқсандағы № 1894 қаулысында көрсетілген жағдайларда мұдделі органдарға сұраныстар жібереді, дәлелді бас

тарту дайындауды немесе құрылыш материалдарын, бұйымдары мен конструкцияларын (сертификатталатын өнімдерді қоспағанда) өндіруге (шығаруға) лицензияны ресімдейді, Орталықта мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін жолдайды немесе уәкілетті органға өтініш берген кезде өтініш берушіге береді;

4) мүдделі орган тұтынушының тиісті салада қойылған талаптарға сәйкестігі туралы уәкілетті органның сауалдарын қарайды, уәкілетті органға қорытындыларды жібереді.

13. Орталықта және уәкілетті органда мемлекеттік қызмет көрсету үшін құжаттарды қабылдауды жүзеге асыратын ең аз тұлғалар саны бір қызметкерді құрайды.

3. Мемлекеттік қызметті көрсету үдерісіндегі іс-қимыл (өзара іс-қимыл) тәртібін сипаттау

14. Орталықта құжаттарды қабылдау "терезе" арқылы жүзеге асырылады, онда Стандарттың 1-қосымшасында мекенжайлары мен уақыты көрсетілген Орталық инспекторының тегі, аты, әкесінің аты және лауазымы көрсетіледі.

Уәкілетті органда құжаттарды қабылдау Стандарттың 2-қосымшасында көрсетілген мекенжайлар мен уақыт бойынша уәкілетті органның кеңесесі арқылы жүзеге асырылады.

Тұтынушы Орталықта немесе уәкілетті органға құжаттарды тапсырғаннан кейін тиісті құжаттардың қабылданғаны туралы:

- сұраудың нөмірі және қабылданған күні;
- сұралынған мемлекеттік қызметтің түрі;
- қоса берілген құжаттардың саны мен атаулары;
- құжаттарды беру күні, уақыты мен орны;

құжаттарды ресімдеуге өтініш қабылдаған Орталық инспекторының не уәкілетті орган қызметкерінің тегі, аты, әкесінің аты мен лауазымы көрсетіліп, қолхат беріледі.

15. Мемлекеттік қызметті алу үшін тұтынушылар Орталықта немесе уәкілетті органға:

- 1) занды және жеке тұлға үшін Стандарттың 11 және 12-қосымшаларына сәйкес белгіленген нысанда өтініш;
- 2) занды тұлға – занды тұлға ретінде өтініш берушінің мемлекеттік тіркеу туралы куәлігі мен Жарғысының нотариалды куәландырылған көшірмесін ;
- 3) жеке тұлға үшін – жеке тұлғаны куәландыратын құжаттың көшірмесін;

4) жеке кәсіпкер үшін – жеке кәсіпкер ретінде өтініш берушінің мемлекеттік тіркеу туралы куәлігінің нотариалды куәландырылған көшірмесін;

5) өтініш берушінің салық органында есепке тұрғаны туралы куәлігінің нотариалды куәландырылған көшірмесін;

6) жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін бюджетке лицензиялық алым төлегенін раставтын құжатты – 10 айлық есептік көрсеткіш, тұтынушының тұратын жері бойынша төленеді;

7) Стандарттың З-қосымшасы бойынша біліктілік талаптарына сәйкес мәліметтер мен құжаттарды ұсынады.

16. Ақпараттық қауіпсіздікке талаптар жоқ.

17. Мемлекеттік қызмет көрсету үдерісінде мынадай құрылымдық-функционалдық бірліктер (бұдан әрі – ҚФБ) жұмылдырылған:

- 1) Орталықтың инспекторы;
- 2) жинақтаушы бөлімнің инспекторы;
- 3) уәкілетті органның кеңесі;
- 4) уәкілетті органның басшылығы;
- 5) құрылымдық бөлімшениң бастыры;
- 6) құрылымдық бөлімшениң жауапты орындаушысы;
- 7) уәкілетті органның заң қызметі;
- 8) мұдделі орган.

18. Эрбір ҚФБ әкімшілік іс-қимылдардың (рәсімдердің) орындалу мерзімін тестілік кесте сипатында көрсеткен әкімшілік іс-қимылдары (рәсімдер) дәйектілігінің сипаттамасы және өзара іс-қимылы осы Регламенттің 1-қосымшасында көлтірілген.

19. Мемлекеттік қызмет көрсету үдерісіндегі әкімшілік іс-қимылдардың қисынды сабактастыры мен ҚФБ арасындағы өзара байланысты бейнелейтін кестелер осы Регламенттің 2-қосымшасында көлтірілген.

20. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі лицензия беру немесе лицензия беруден бас тарту нысанында ұсынылады.

Лицензия беруден бас тарту жазбаша түрде қағаз жеткізгіштерде дәлелді бас тарту себептері көрсетіліп ресімделеді.

"Құрылымдық материалдарын, бұйымдары
мен конструкцияларын
(сертификатталатын өнімдерді қоспағанда
)
өндіруге (шығаруга) лицензиялар беру"
мемлекеттік қызметтер көрсету
Регламенттіне 1-қосымша

Әкімшілік

іс-қимылдардың (рәсімдердің) дәйектілігінің сипаттамасы және өзара

ІС-ҚИМЫЛЫ

1-Кесте. ҚФБ іс-қимылдарының сипаттамасы

Негізгі үдерістің іс-қимылдары (барысы, жұмыстар ағыны)				
1	Іс-қимылдардың (барысы, жұмыстар ағыны) №	1	2	3
2	ҚФБ атауы	Орталық инспекторы	Жинақтаушы бөлімнің инспекторы	Жинақтаушы бөлімнің инспекторы
3	Іс-қимылдардың (үдерістің, ресімнің, операцияның) атауы және олардың сипаттамасы	Құжаттарды қабылдау	Журналға қол қояды және құжаттар жинайды	Тізілім құрады және құжаттарды жібереді
4	Аяқталу нысаны (деректер, құжат, ұйымдастыру-екімшілік шешім)	Журналда тіркеу және қолхат беру	Жинақтаушы бөлімге құжаттар жинау	Үәкілетті органға құжаттар жіберу
5	Орындалу мерзімі	15 минут	Күніне 3 рет	Күніне бір реттен кем емес
6	Келесі іс-қимылдың нөмірі	2	3	4

Негізгі үдерістің іс-қимылдары (барысы, жұмыстар ағыны)				
1	Іс-қимылдардың (барысы, жұмыстар ағыны) №	4	5	6
2	ҚФБ атауы	Үәкілетті орган кеңесінің қызметкерлері	Үәкілетті органның басшылығы	Құрылымдық бөлімшениң бастығы (лицензиялау бөлімі)
3	Іс-қимылдардың (үдерістің, ресімнің, операцияның) атауы және олардың сипаттамасы	Құжаттарды, мүдделі органдардың сауалдарға берген қорытындыларын қабылдау, тіркеу	Хат-хабармен танысу, қарау үшін құрылымдық бөлімшениң айқындау	Хат-хабармен танысу, қарау үшін жауапты орындаушыны айқындау
4	Аяқталу нысаны (деректер, құжат, ұйымдастыру-екімшілік шешім)	Бұрыштама қою үшін құжаттарды басшылықта жіберу	Бұрыштама қою, құрылымдық бөлімшениң бастығына жіберу	Бұрыштама қою, құжаттарды жауапты орындаушыға жіберу
5	Орындалу мерзімі	1 сағат	1 сағат	1 сағат
6	Келесі іс-қимылдың нөмірі	5	6	7

1	Іс-қимылдың (барысы, жұмыстар ағыны) №	7	8
2	ҚФБ атауы	Жауапты орындаушы	Құрылымдық бөлімшениң бастығы (лицензиялау бөлімі)
3	Іс-қимылдың (үдерістің, ресімнің, операцияның) атауы және олардың сипаттамасы	Құжаттардың толықтығын айқындау, сұранысты жүзеге асыру (қажет болған жағдайда), біліктілік талаптарға сәйкестігін айқындау	Жауапты орындаушының қорытындысына қол қою, мүдделі органдарға жіберілетін сауалдарға бұрыштама қою
	Аяқталу нысаны (деректер, құжат,	Сәйкестігі немесе сәйкес еместігі туралы қорытынды дайындау, мүдделі органдарға	материалдармен қорытындыны заң қызметіне

4	ұйымдастыру-өкімшілік шешім)	сұрау жіберіді өзірлеу, материалдармен корытындыны құрылымдық бөлімшениң бастығына жіберу	жіберу, сауалдарды уәкілетті органның басшылығына қол қою үшін жіберу
5	Орындалу мерзімі	2 сағат	30 минут
6	Келесі іс-қимылдың нөмірі	8	9

1	Іс-қимылдың (барысы, жұмыстар ағыны) №	9	10
2	ҚФБ атауы	Заң қызметі	Уәкілетті органның басшылығы
3	Іс-қимылдың (удерістің, рәсімнің, операцияның) атауы және олардың сипаттамасы	Заң сараптамасын өткізу, бұйрық дайындау	Бұйрықты бекіту, мұдделі органдарға жіберілетін сауалдарға қол қою
4	Аяқталу нысаны (деректер, құжат, ұйымдастыру-өкімшілік шешім)	Бекіту үшін бұйрықты басшылыққа жіберу	Лицензияны ресімдеу үшін құрылымдық бөлімшеге бекітілген бұйрықты жіберу
5	Орындалу мерзімі	2 сағат	30 минут
6	Келесі іс-қимылдың нөмірі	10	11

1	Іс-қимылдың (барысы, жұмыстар ағыны) №	11	12
2	ҚФБ атауы	Құрылымдық бөлімше	Уәкілетті органның басшылығы
3	Іс-қимылдың (удерістің, рәсімнің, операцияның) атауы және олардың сипаттамасы	Лицензияны ресімдеу	Лицензия бланкіне қол қою
4	Аяқталу нысаны (деректер, құжат, ұйымдастыру-өкімшілік шешім)	Ресімделген лицензияны қол қою үшін уәкілетті органның басшылығына жіберу	Қол қойылған бланкті құрылымдық бөлімшеге жіберу
5	Орындалу мерзімі	1 сағат	30 минут
6	Келесі іс-қимылдың нөмірі	12	13

1	Іс-қимылдың (барысы, жұмыстар ағыны) №	13	14
2	ҚФБ атауы	Құрылымдық бөлімше	Уәкілетті органның кенсесі
3	Іс-қимылдың (удерістің, рәсімнің, операцияның) атауы және олардың сипаттамасы	Лицензияны тізіліміне енгізу және уәкілетті органның кенсесіне жіберу	Өтініш берушілерге лицензиялар беру немесе Орталыққа жіберу, сауалдарды мұдделі органдарға жеткізу
4	Аяқталу нысаны (деректер, құжат, ұйымдастыру-өкімшілік шешім)	Лицензияны уәкілетті органның кенсесіне жіберу	тұтынушыға лицензия беру немесе лицензияны Орталыққа жіберу туралы қолхат, сауалдарды мұдделі органдарға тапсырғанын раставтын мөртабан
5	Орындалу мерзімі	30 минут	Жұмыс күнінің ішінде
6	Келесі іс-қимылдың нөмірі	14	15

1	Іс-кимылдың (барысы, жұмыстар ағыны) №	15
2	ҚФБ атауы	Мұдделі органдар
3	Іс-кимылдың (үдерістің, рәсімнің, операцияның) атауы және олардың сипаттамасы	уәкілетті орган жолдаған сұрау салулардың қарастырылуы, басшылық етілетін саладағы қойылатын талаптарға сәйкестігін немесе сәйкес еместігін айқындау
4	Аяқталу нысаны (деректер, құжат, ұйымдастыру-өкімшілік шешім)	корытындыны уәкілетті органға жіберу
5	Орындалу мерзімі	Шағын кәсіпкерлік субъектісі үшін 7 жұмыс күні, ірі және орта кәсіпкерлік субъектісі үшін 25 жұмыс күні ішінде қойылатын талаптарға сәйкестігін айқындау
6	Келесі іс-кимылдың нөмірі	

2-Кесте. Пайдалану нұсқалары. Негізгі үдеріс.


ҚФБ 1 Тобы Орталық инспекторы	ҚФБ 2 Тобы Уәкілетті органның кенесі	ҚФБ 3 Тобы Уәкілетті органның басшылығы	ҚФБ 4 Тобы Құрылымдық бөлімшесі	ҚФБ 5 Тобы Зан қызметі	ҚФБ 6 Тобы Мұдделі орган
№ 1 іс-кимыл Құжаттарды қабылдау, қолхат беру, өтінішті тіркеу, құжаттарды уәкілетті органға жіберу	№ 2 іс-кимыл Орталықтардан немесе өтініш берушілерден өтініштер, мұдделі органдардан қорытындыларды қабылдау, өтінішті тіркеу, уәкілетті органның басшылығына жолдау	№ 3 іс-кимыл Орындау, бұрыштама қою үшін құрылымдық бөлімшени айқындау	№ 4 іс-кимыл Өтініштерді қарау, өтініштердің лицензиялау саласындағы заннамаға сәйкестігін айқындау, қажет болған жағдайда мұдделі органдарға сұранысты жүзеге а с ы р у , қорытындыларды дайындау	№ 5 іс-кимыл Құрылымдық бөлімшесі сараптамасының корытындысына зан сараптамсын жүргізу, лицензиялау туралы бұйрықты дайындау	№ 6 іс-кимыл Мұдделі орган арыздаушының, басшылық жасайтын облыста қойылатын талаптарға сәйкестігі немесе сәйкес еместігітуралы корытындыны дайындаиды Уәкілетті органға жібереді
		№ 7 іс-кимыл Лицензиялау туралы бұйрықты бекіту	№ 8 іс-кимыл Лицензияны ресімдеу	№ 9 іс-кимыл Бұйрықты тіркеу	
		№ 10 іс-кимыл Лицензияга қол қою	№ 11 іс-кимыл Лицензияны тіркеу		
№ 13 іс-кимыл Орталықтарда өтініш берушіге	№ 12 іс-кимыл Лицензияны Орталыққа немесе				

3-Кесте. Пайдалану нұсқалары. Баламалы үдеріс.

ҚФБ 1 Тобы Орталық инспекторы	ҚФБ 2 Тобы Үәкілетті органның кенесі	ҚФБ 3 Тобы Үәкілетті органның басшылығы	ҚФБ 4 Тобы Құрылымдық бөлімшесі	ҚФБ 5 Тобы Заң қызметі
№ 1 іс-қимыл Құжаттарды қабылдау, қолхат беру, өтінішті тіркеу, құжаттарды үәкілетті органга жіберу	№ 2 іс-қимыл Орталықтардан немесе өтініш берушілерден өтініштер қабылдау, өтінішті тіркеу, уәкілетті органның басшылығына жолдау	№ 3 іс-қимыл Орындау, бұрыштама кою үшін құрылымдық бөлімшени айқындау	№ 4 іс-қимыл Өтініштерді қарау, өтініштердің лицензиялау саласындағы заңнамага сәйкестігін айқындау, дәлелді бас тартуды дайындау	№ 5 іс-қимыл Құрылымдық бөлімшени бас тартуына з а н сараптамасын жүргізу
№ 8 іс-қимыл Орталықтарда өтініш берушіге бас тартуды беру	№ 7 іс-қимыл Бас тартуды Орталыққа жіберу немесе өтініш берушіге беру	№ 6 іс-қимыл Бас тартуға кол кою		

"Құрылымдарын, бұйымдары
мен конструкцияларын
(сертификатталатын өнімдерді
қоспағанда) өндіруге (шыгаруға)
лицензиялар беру" мемлекеттік
қызметтер көрсету Регламентіне
2-қосымша

**Әкімшілік іс-қимылдардың қисынды дәйектілігі арасындағы өзара
байланысты бейнелейтін сызбалар**



© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық акпарат институты» ШЖҚ РМК